



«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

2018 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін



Төмендегі құжаттың міндеті Топтың операциялық және қаржылық қызметінің нәтижелеріндегі үрдістер мен елеулі өзгерістерді түсіну мен бағалауға көмектесу болып табылады. Осы шолу Топтың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне негізделген және оны аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігімен және ілеспе ескертулермен бірге қарау қажет. Барлық қаржылық деректер мен оларды талдау Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дайындалған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне негізделеді. Топтың есептік саясатына сәйкес бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компанияларға инвестициялар үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынады және тиісінше жол бойынша («қатысу үлесі әдісімен есепке алынатын кәсіпорындар») шоғырландырылмайды.

Айрықша атап көрсетілген жағдайлардан басқада барлық теңгедегі сомалар миллиардтарда көрсетілген. Цифрлар дөңгелектелген, алайда үлестік көрсеткіштер дөңгелектегенге дейінгі нақты көрсеткіштерді пайдаланумен есептелген.

МАЗМҰНЫ

1.	ЖАЛПЫ АҚПАРАТ	4
2.	НЕГІЗГІ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР	6
2.1.	Мұнайға және мұнай өнімдеріне нарықтық бағаның өзгеруі	6
2.2.	Шетелдік валютаның айырбастау бағамының өзгеруі	6
2.3.	Мұнайды және газды тасымалдауға арналған тарифтер	7
2.4.	Өңдеуге арналған тарифтер	8
2.5.	Салық салу	8
3.	ТОПТЫҢ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕРІ	11
3.1.	Мұнай және конденсат өндіру	11
3.2.	Газ өндіру.....	Ошибка! Закладка не определена.
3.3.	Мұнайды магистральдық құбыржолдармен тасымалдау	12
3.4.	Мұнайды теңіз флотымен тасымалдау	13
3.5.	Газ тасымалдау.....	13
3.6.	Көмірсутегі шикізатты өңдеу	14
3.7.	Мұнайды, мұнай өнімдерін және газды сату.....	14
4.	ТОПТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ.....	16
4.1.	Кірістер.....	16
4.2.	Шығыстар.....	17
4.3.	Өтімділігі және күрделі қаржы шығындары	21

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ – Қазақстанда және одан тысқары жерлерде мұнай мен газды геологиялық барлау мен өндіру, сондай-ақ мұнайды, газды және мұнай өнімдерін тасымалдау, өңдеу, маркетингтеу мен өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тік біріктірілген компания.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы №811 Жарлығының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 ақпандағы №248 қаулысының негізінде құрылған Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұнай-газ кәсіпорны болып табылады. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ «Казаройл» ЖАҚ ұлттық мұнай-газ компаниясы мен «Мұнай және газ тасымалы» ұлттық компаниясының бірігуінің нәтижесінде құрылған. Бірігудің нәтижесінде осы компаниялар иелік еткен барлық кәсіпорындардағы қатысу үлестерін қоса алғанда барлық активтері мен міндеттемелері «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа берілді.

ҚМГ акционерлері болып «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ (90% - 1 акция) және Қазақстанның Ұлттық банкі (10% + 1 акция) табылады. Топ мұнай және газ конденсатын өндіру бойынша Қазақстан Республикасы нарығының төрттен бірінен астамын, сондай-ақ елімізде мұнай өндіруде, мұнай мен табиғи газды құбыр жолымен тасымалдауда басым позицияны иеленеді.

Бүгінгі күні Топтың неғұрлым ірі компаниялары (компаниялар тобы) болып табылады:

- «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (мұнай және газ барлау және өндіру)
- «ҚазТрансОйл» АҚ (мұнай тасымалдау)
- «ҚазТрансГаз» АҚ (газ тасымалдау және сату)
- «ҚазМұнайТеңіз» АҚ (теңіз мұнай операциялары)
- «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (мұнай өңдеу)
- «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС (мұнай өңдеу)
- KMG International N.V. (Румынияда және Қара теңіз және Жерорта теңізі бассейндерінің елдерінде мұнай өңдеу, мұнай және мұнай өнімдерінің маркетингі).

Қазақстан мұнай және газ конденсатының расталған қорлары бойынша дүние жүзінде 12-орын, табиғи газ қорлары бойынша - 22-орын және мұнай және газ өндіру бойынша – 17-орын алады.

Есептік кезеңдегі маңызды оқиғалар

Өндіру

2018 жылдың 9 айында Қашаған кен орнында мұнай өндіру 2017 жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда 64%-ға өсті және 9 325 мың тоннаны (ҚМГ ҰК үлесі - 787 мың тонна) немесе тәулігіне 271 мың баррельді құрады. Бұл өсу 2017 жылғы тамызда шикі газды қабатқа қайта айдау жүйесін пайдалануға енгізумен, сондай-ақ жабдықты пайдалану коэффициентінің ұлғаюымен байланысты.

Тасымалдау

2018 жылғы қаңтарда «ҚазМұнайГаз» және PetroChina арасында қазақстандық газдың Қытайға экспортын жылына 10 млрд куб метрге дейін ұлғайту туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

2018 жылғы 03 қаңтарда КМТФ, «KMG Systems&Services» ЖШС және «Кәсіби әскерлендірілген апаттық-құтқару қызметі» РМК арасында «Жамбыл Петролеум» ЖШС үшін ZT-2 бағалау ұңғымасы үшін 1, 2 және 3-деңгейлі мұнайдың апаттық жайылуларын жою бойынша қызметтер көрсету жөнінде консорциалдық келісімге қол қойылған.

ТШО-ны келешекте кеңейту жобасын іске асыруға КМТФ-ның қатысуы шеңберінде 2018 жылғы 16 қаңтарда Румынияның Браила қаласындағы VARD кеме жасау зауытында MCV 854 «Sunkar» кемесін жасау аяқталды.

2018 жылғы мамырда «ҚазТрансОйл» АҚ және «КТК-К» АҚ арасында 5 жыл мерзімге Қазақстан Республикасының аумағындағы КТК мұнай құбыры объектілеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шартқа қол қойылды.

Өңдеу

2018 жылғы қаңтарда ПМХ3 мен ПКӨП К4 және К5 экологиялық класты отын стандарттарына көшті.

Атырау мұнай өңдеу зауытында жаңғырту шеңберінде іске қосу-баптау жұмыстары аяқталды, технологиялық қондырғылар тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалану сатысында тұр.

2018 жылғы қыркүйекте Шымкент мұнай өңдеу зауыты жаңартудың екінші (мәселік) кезеңінің технологиялық қондырғылары бойынша іске қосу-баптау жұмыстарын аяқтады, қондырғылар тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалану сатысында тұр.

Қаржылық және корпоративтік

2018 жылғы қаңтарда және сәуірде 2017 жылғы желтоқсанда қол қойылған Шикі мұнай жеткізуге арналған шартқа қосымша келісімге сәйкес ҚМГ ҰК мәміле бойынша шығындарды қоспағанда жалпы сомасы 500 млн. АҚШ долларына қосымша екі транш алды.

2018 жылғы қаңтарда "ҚМГ Үстірт" ЖШС-тің жарғылық капиталындағы "Union Field Group Ltd" компаниясының (Британдық Виргин аралдары) қатысу үлесінің 50% сатылды.

ҚМГ ҰК 2018 жылғы сәуірде ТШО-дан 102 млн. АҚШ доллары мөлшерінде дивидент алды.

2018 жылғы 10 мамырда ҚМГ БӨ Лондон және Қазақстан қор биржаларынан шыққандығын хабарлады. Қазіргі сәтте ҚМГ ҰК мен ҚМГ БӨ-ге жалпы алғанда қарапайым акциялардың шамамен 99,6%-ы тиесілі.

2018 жылғы мамырда ҚМГ ҰК жалпы сомасы 3,25 млрд АҚШ долл. Еврооблигацияларды шығару есебінен, өтеудің неғұрлым ұзақ мерзімімен, көбінесе, 500 млн АҚШ долл. сомасында Еврооблигацияларды 2025 жылғы өтеу мерзімімен купон мөлшерлемесі - 4,75% шығару, 1 250 млн АҚШ долл. сомасында Еврооблигацияларды 2030 жылғы өтеу мерзімімен купон мөлшерлемесі - 5,375% шығару, 1 500 млн АҚШ долл. сомасында Еврооблигацияларды 2048 жылғы өтеу мерзімімен купон мөлшерлемесі - 6,375% шығару есебінен жалпы сомасы 3,1 млрд АҚШ долл. (номинал) Еврооблигацияларды төрт рет шығаруды қайта қаржыландыру арқылы өзінің міндеттемелерін басқару жөніндегі іс-шараларды іске асырды.

2018 жылы маусымда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар Кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор Филип Джон Дайер сайланды.

2018 жылы 02 шілде – ҚМГ меншік қаражаты есебінен 1,6 млрд. долл сомаға Еврооблигацияларды өтеу мерзімі.

2018 жылы 06 тамызда Қашаған Б.В. деңгейінде (Компаниядағы ҚМГ үлесі 50%-ды құрайды) аванстау сомасы 600 млн долл. сомаға ұлғайды, 2008 жылы ДК үлестерді сатып алу үшін серіктестер алдындағы қарыздың 3 (соңғы) траншасын өтеу үшін пайдаланылған, ҚМГ деңгейінде өтелімдік жылыстауына жол бермеуге әсерін тигізді.

2018 жылы қыркүйекте 85 млн. долл. сомасында ТШО-дан қосымша дивиденттер алынды.

2018 жылғы қыркүйекте КТГ және WALT BAY LTD компаниялары арасында 40 млн. АҚШ долл. сомасында «КТГ-Тбилиси» қатысу үлесінің 100% сату-сатып алу шарты жасалды.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен CEFC China Energy арасында KMG International N.V қатысу үлесінің 51%-ын сатып алу жөніндегі мәміле аяқталмады. Аталған шешім KMG International N.V. компаниялар тобының қызметіне әсер етпейді және өз қызметін «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының активтер жүйесінде жалғастырады, соның салдарынан КМГИ ҚМГ ФО-ға толық шоғырланады.

2. НЕГІЗГІ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР

Компания қызметінің көрсеткіштеріне әсер ететін басты факторлар:

- шикі мұнайға және мұнай өңдеу өнімдеріне баға тербелістері;
- валюталық бағам өзгерістерінің әсері;
- мұнай мен газды тасымалдау қызметтеріне арналған тарифтердегі өзгерістер;
- салық салу болып табылады;

Төменде топтың қызметіне әсер ететін 2018 жылдың 9 айы ішіндегі макроэкономикалық көрсеткіштері келтірілген.

Атауы	Өлш. бірл	2018 жылдың 9 айы	2017 жылдың 9 айы	Өзгерістері	
				абс	%
Мерзімнің соңындағы инфляция (ИПЦ, алдыңғы жылдың тиісті айына %)	%	6,1	7,1	1,0	-14,1
Мұнайдың экспорттық кедендік баж салығы	\$/тонна	65	47	14	28,6
Айлық есептік көрсеткіш (АЕК)	теңге	2 405	2 269	136	6,0
Ең төменгі еңбекақы мөлшері (АЕК)	теңге	28 284	24 459	3 825	15,6

2.1. Мұнайға және мұнай өнімдеріне нарық бағаларының өзгеруі

Халықаралық және қазақстандық нарықта шикі мұнайға және мұнай өнімдеріне арналған бағалар Компания қызметінің нәтижелеріне маңызды әсерін тигізеді.

Мұнайдың әлемдік бағаларының өзгеруі (долл. США/барр.)	2018 жылдың 9 айы	2017 жылдың 9 айы	Δ, %
Brent мұнайы	72	52	38,5
Urals мұнайы	69	51	35,3

Көзі: PLATT'S

Шикізатқа арналған бағалардың өзгерісі, тұтастай алғанда, Компанияға байланысты емес бірқатар себептерге байланысты болып келеді, Компания басшылығы мұнай бағасының құбылмалығын болжай алмайды.

Халықаралық және қазақстандық нарықта шикі мұнайға және мұнай өнімдеріне арналған бағалар динамикасы бірқатар факторлармен анықталады, солардың ішінде барынша маңыздысы шикі мұнайға арналған баға, мұнай өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстардың ара қатыстары, бәсекелестік, ақырғы және аралық өңдеу өнімдері, мұнай өндіретін кәсіпорындардан өткізу нарығының қашық болуы, мұнай өнімдерін жеткізуде маусымдық тапшылық, әсіресе қалалық аудандарда маусымдық ауыл шаруашылығы жұмыстарына байланысты және қаладан ауыл шаруашылығы аудандарына жеткізудің тиісінше қайта бөлумен анықталады.

Мұнай өнімдерінің орташа әлемдік бағалары	Өлш. бірл	2018 жылдың 9 айы	2017 жылдың 9 айы	Δ, %
Мазут	АҚШ дол./тонна	408	311	31,2
Нафта	АҚШ дол./тонна	621	488	27,2
Авиаотын (Jet fuel)	АҚШ дол./тонна	689	540	27,6
Вакуумдық газойль	АҚШ дол./тонна	515	323	59,4
Пеш отыны (Gasoil 0,1)	АҚШ дол./тонна	632	492	28,5

Көзі: PLATT'S

ҚР-дағы мұнай өнімдерінің орташа бөлшек сату бағасы	Өлш. бірл	2018 жылдың 9 айы	2017 жылдың 9 айы	Δ, %
АИ-95/96 маркалы бензин	(теңге/литр)	177	153	15,7
АИ-92/93 маркалы бензин	(теңге/литр)	159	141	12,7
АИ-80 маркалы бензин	(теңге/литр)	89	89	-
Дизель отыны	(теңге/литр)	170	139	22,3

2.2. Шетелдік валютаның айырбастау бағамының өзгеруі

АҚШ долларына қатысы бойынша теңге бағамының өзгеруі маңызды әсер етті, бәрінен бұрын, Компания қызметінің шоғырландырылған нәтижелеріне әсер етуін жалғастырды, себебі Компанияның шикі мұнайдан және мұнай өнімдерінен түсетін кірістерінің маңызды үлесі АҚШ долларымен белгіленген, ал Компания шығыстарының

маңызды бір бөлігі теңгемен белгіленеді. Сондай-ақ Компанияның қарызы және кредиторлық берешегінің үлкен бөлігі АҚШ долларымен белгіленген.

	Мерзім ішіндегі орташа бағамы	Мерзімнің соңындағы
2018 жылдың 30 қыркүйегіндегі 9 айдың ішінде (1,00 долларға қазақстандық теңге)	336,4	363,1
2017 жылдың 30 қыркүйегіндегі 9 айдың ішінде (1,00 долларға қазақстандық теңге)	323,3	341,2

Көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі

2.3. Мұнайды және газды тасымалдауға арналған тарифтер

Мұнайды магистральдық құбыржолдарымен тасымалдау

Алайда Қазақстанның мұнай өңдеу өңірінің басым бөлігі мұнай және мұнай өнімдерін өткізудің негізгі нарығынан алыс орналасқандықтан, мұнай компаниялары көліктік инфрақұрылымның даму дәрежесіне, сондай-ақ оған қатынау мүмкіндігіне байланысты.

Топ шикі мұнайдың маңызды бөлігін тасымалдайды, сол мұнайды «ҚазТрансОйл» АҚ еншілес компанияларына тиесілі Қазақстандағы магистральдық құбыржолдары жүйесі бойынша экспортқа және ішкі нарыққа сатады. Сондай-ақ Топ Каспий Құбыржолы Консорциумы мұнай құбырында 20,75% мөлшерінде акционерлік капиталды иеленеді.

Шикі мұнайды магистральдық құбыржолдары бойынша тасымалдау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы №266 бұйрығымен бекітілген шарттың типтік нысанына сәйкес тұтынушылармен жасасылған мұнайды тасымалдау жөніндегі қызметтерді ұсыну шартына сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ компаниялар тобымен жүргізіледі. Аталған шартпен мұнайды тасымалдау кезіндегі тараптардың құқықтары мен міндеттемелері бекітілген. «ҚазТрансОйл» АҚ компаниялар тобының магистральдық құбыржолдары бойынша мұнайды ішкі нарыққа және экспортқа тасымалдауы басқа өндірушілердің мұнайымен бірге жүзеге асырылады.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының түзетулермен 2015 жылдың мамырынан қабылдануына байланысты, табиғи монополиялар салаларынан мұнайды Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу және Қазақстан Республикасының шегінен тыс экспорттау мақсатында тасымалдау жөніндегі қызметтер алынып тасталған. 2018 жылы ақпанда «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық құбыржолдары бойынша мұнайды айдау бойынша қызметтерге арналған келесі тарифтерді (№46 бұйрық, №47 бұйрық) бекітті:

- Қазақстан Республикасының шегінен тыс экспорттау мақсатында – 2018 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізумен, 1000 км арналған 1 тонна үшін 581,72 теңгеге ұлғайтумен байланысты 1000 км арналған 1 тонна үшін 6 398,92 теңге мөлшерінде (ҚҚС-сыз);
- Туймазы-Омск-Новосибирск-2 магистральдық құбыржолдарының қазақстандық учаскесі бойынша Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу мақсатында – 2018 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізумен, 1000 км арналған 1 тонна үшін 2 565,3 теңгеге ұлғайтумен байланысты 1000 км арналған 1 тонна үшін 4 292,4 теңге мөлшерінде (ҚҚС-сыз);

«ҚазТрансОйл» АҚ компаниялар тобының магистральдық құбыржолдары жүйесі бойынша Қазақстан Республикасының ішкі нарығы бойынша мұнайды айдау бойынша реттелетін қызметтерге арналған тарифтердің 2015-2019 жылдарға арналған деңгейлері Табиғи монополиялар және бәсекелестікті қорғау комитетімен (2015 жылғы 21 тамыздағы №347-ОД бұйрық) 2015 жылдың 1 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізумен, келесі мөлшерде бекітілген:

- 2015 жылы – 1000 км арналған 1 тонна үшін 3 225,04 теңге (ҚҚС-сыз);
- 2016 жылы – 1000 км арналған 1 тонна үшін 3 547,46 теңге (ҚҚС-сыз);
- 2017 жылы – 1000 км арналған 1 тонна үшін 3 902,13 теңге (ҚҚС-сыз);
- 2018 жылы – 1000 км арналған 1 тонна үшін 4 292,40 теңге (ҚҚС-сыз);
- 2019 жылы – 1000 км арналған 1 тонна үшін 4 721,72 теңге (ҚҚС-сыз).

Газ тасымалдау

Газды магистральдық құбыржолдары және газ таратқыш жүйелері бойынша тасымалдау «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобымен жүзеге асырылады. Газды магистральдық тасымалдау «Интергаз Центральная Азия» АҚ, Азия газ құбыры» ЖШС, «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС бірлескен кәсіпорындарымен жүзеге асырылады. Газды газ таратқыш жүйелері бойынша тасымалдау «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ жүзеге асырылады.

Халықаралық транзит бойынша газды тасымалдауға және газды экспорттауға арналған тарифтер

2015 жылдың мамырында «Табиғи монополиялар туралы» Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес газды экспортқа тасымалдау жөніндегі қызметтер мемлекеттік реттеуден алынып тасталған. Газды транзиттеуге және экспорттауға арналған тарифтер Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің бекітуінсіз, шарттық негізде белгіленеді.

Магистральдық және таратқыш газ құбырлары бойынша газды ішкі нарыққа тасымалдауға арналған тарифтер

Ішкі нарыққа арналған газды тасымалдауға арналған тарифтер белгіленген тәртіппен Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетімен реттеледі.

Қазақстан Республикасының тұтынушылары үшін магистральдық құбыржолдары бойынша тауарлық газды тасымалдауға арналған тарифтер келесі мөлшерде бекітілген:

- «Интергаз Центральная Азия» АҚ 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап – 2 212,7 теңге/мың м3 (ҚҚС-сыз);
- «Азия газ құбыры» ЖШС 2016 жылғы 1 наурыздан бастап – 3 494,4 теңге/мың м3 (ҚҚС-сыз);
- «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС 2016 жылғы 1 наурыздан бастап – 18 071 теңге/мың м3 (ҚҚС-сыз).

2.4. Өңдеуге арналған тарифтер

2016 жылдың сәуірінен бастап үш негізгі қазақстандық МӨЗ (АМӨЗ, ПМХЗ, ПКОП) өзінің қызметін өңдеудің жаңа бизнес модельдері бойынша жүзеге асыра бастады, соған сәйкес МӨЗ белгіленген тарифтер бойынша тек мұнай өңдеу жөніндегі қызметтер көрсетеді, өңдеу үшін мұнайды сатып алмайды және алынған мұнай өнімдерін сатпайды. Аталған міндеттемелер дайын мұнай өнімдерін дербес іске асыратын мұнай жеткізушілеріне жатады. ҚМГ тобының тік-біріктірілген құрылымы және оны өңдеудің жаңа бизнесі арқылы әрбір бизнес-бағытқа өзінің нақты мамандануын бір нүктеге тоғыстырады, жиынтығында ҚМГ компаниялары барлық тобының операциялық тиімділігі ұлғаяды. ҚМГ трансформациялау шеңберінде өзінің активтерін стратегиялық басқарушыдан операциялық басқарушыға ауысына байланысты өңдеудің бизнес-моделі мұнай өңдеу зауыттарына тек өндірістік мәселелер бойынша топтастырылуына көмектеседі. Соның нәтижесінде өңдеу жөніндегі қызметті оңтайландырылады және шығындар қысқартылады.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 376-V Заңына сәйкес 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап өңдеуге арналған бағаларға мемлекеттік реттеу алынып тасталған. 2018 жылдың 9 айы ішінде қолданыстағы орташа өлшенді тарифтер және өткен жылдың осыған ұқсас мерзіміндегі тарифтер төменде келтірілген:

Зауыттардың атауы	өлш. бірл.	2018 жылдың 9 айы	2017 жылдың 9 айы
АМӨЗ	теңге/тонна	32 658*	22 991**
ПМХЗ	теңге/тонна	17 250	15 193
ПКОП	теңге/тонна	18 444	11 454

* Мерзім ішіндегі орташа өлшенді тариф 2018 жылғы 1 тамыздан бастап 31 473 теңге/тоннадан 37 436 теңге/тоннаға ұлғаяды есепке алумен.

** Мерзім ішіндегі орташа өлшенді тариф 2017 жылғы 1 сәуірден бастап 20 501 теңге/тоннадан 24 512 теңге/тоннаға ұлғаяды есепке алумен.

2.5. Салық салу

Төменде келтірілген кестеде тиісті мерзімде Топта қолданылатын салықтардың белгіленген мөлшерлемелері берілген:

Салық	2018 ж.30.09.	2017 ж.30.09.	Салық салынатын база
Корпоративті табыс салығы (КТС)	20%	20%	Салық салынатын табыс
Қосымша құн салығы (ҚҚС)	12%	12%	Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сату
Мүлік салығы	1,50%	1,50%	бухгалтерлік есеп деректері бойынша анықталатын салық салу объектілерінің орташа жылдық теңгерімдегі құны

Салық	2018 ж.30.09.	2017 ж.30.09.	Салық салынатын база
Жер салығы	айнымалы шама, жер учаскесін тағайындауға және сапасына байланысты мөлшерлеме	айнымалы шама, жер учаскесін тағайындауға және сапасына байланысты мөлшерлеме	Жер учаскесінің ауданы
Қоршаған ортадағы эмиссиялар төлемі	айнымалы шама, эмиссиялар түріне байланысты мөлшерлеме	айнымалы шама, эмиссиялар түріне байланысты мөлшерлеме	эмиссиялардың шегіндегі нақты көлемі және (немесе) қоршаған ортадағы эмиссиялардың белгіленген нормативтерден жоғары нақты көлемі
Экспортқа салынатын ренталы салық	0%-32% мұнайдың әлемдік бағасына байланысты шкаласы бойынша	0%-32%	шикі мұнай және шикі мұнай өнімдерін экспорттау көлемі
Коммерциялық анықтау бонусы	0,1%	0,1%	уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен қорлардың (шикі мұнай, газ конденсаты, табиғи газ) құны
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық (ПҚӨС)	0%-18%	0%-18%	өндірілген шикі мұнайдың, газ конденсатының және табиғи газ көлемінің құны
Артық пайдаға салынатын салық (АПС)	мөлшерлемелердің сырғанаушы шкаласы бойынша 0%-60%	мөлшерлемелердің сырғанаушы шкаласы бойынша 0%-60%	Жиынтық жылдық кірістер мен шегерімдердің (бекітілген активтер бөлігінде – нақты КВЛ мөлшерінде) айырмашылығы ретінде анықталатын мұнай пайдаланушының берілген шегерімдер сомасының 25%-на тең сомадан асып кететін таза кірісінің бір бөлігі және КПН. АПС әрбір жеке келісімшарт бойынша мұнай пайдаланушыға есептеледі.
Шикі мұнайға және газ конденсатына салынатын акциз	0 теңге/тонна	0 теңге/тонна	өндірілген, сатылған шикі мұнайдың және газ конденсатының көлемі

1 тоннаға (теңгеде) арналған акциздер және баж мөлшерлемелері					
	2018ж.30.09.		2017ж.30.09.		Салық салынатын база
	Бензин (авиациялық бензиннен басқа)	Дизель отыны	Бензин (авиациялық бензиннен басқа)	Дизель отыны	
Мұнай өнімдеріне арналған акциз					өндірілген, сатылған және импортталған мұнай өнімдерінің көлемі
Өндірушілермен бензинді (авиациялық бензиннен басқа) және меншік өндірілетін дизель отынын көтерме саудамен өткізу (маусым – қазан)	10 500	9 300	10 500	9 300	
Өндірушілермен бензинді (авиациялық бензиннен басқа) және меншік өндірілетін дизель отынын көтерме саудамен өткізу (қараша – мамыр)	10 500	540	10 500	540	
Жеке және заңды тұлғалармен бензинді (авиациялық бензиннен басқа) және меншік өндірілетін дизель отынын көтерме саудамен өткізу	0	0	0	0	
Өндірушілермен бензинді (авиациялық бензиннен басқа) және дизель отынын бөлшек саудамен өткізу, жекеменшік өндірістік қажеттіліктерге пайдалану (маусым – қазан)	11 000	9 360	11 000	9 360	
Өндірушілермен бензинді (авиациялық бензиннен басқа) және дизель отынын бөлшек саудамен өткізу, жекеменшік өндірістік қажеттіліктерге пайдалану (қараша – мамыр)	11 000	600	11 000	600	
Жеке және заңды тұлғалармен бензинді (авиациялық бензиннен басқа) және меншік өндірілетін дизель отынын көтерме саудамен өткізу, жекеменшік	500	60	500	60	

1 тоннаға (теңгеде) арналған акциздер және баж мөлшерлемелері					
	2018ж.30.09.		2017ж.30.09.		Салық салынатын база
өндірістік қажеттіліктерге пайдалану					
Импорт	4 500	540	4 500	540	
Алыс-беріс шикізатты өңдеу өнімдері болып табылатын Салық Кодексінің 462-бабы 5) тармақшасында көрсетілген Акцизделетін тауарларды тапсыру (маусым – қазан)	10 500	9 300	10 500	9 300	
Алыс-беріс шикізатты өңдеу өнімдері болып табылатын Салық Кодексінің 462-бабы 5) тармақшасында көрсетілген акцизделетін тауарларды тапсыру (қараша – мамыр)	10 500	540	10 500	540	
Шикі мұнайға арналған экспорттық баж	мұнайдың әлемдік бағасына байланысты шкаласы бойынша		мұнайдың әлемдік бағасына байланысты шкаласы бойынша		экспорттық көлемі

Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық пен экспортқа салынатын ренталы салық мөлшерлемелері және мұнайға және мұнай өнімдеріне арналған экспорттық баждар мұнайдың әлемдік бағасына байланысты және соған сәйкес өзгереді. Қазақстан Республикасының ішкі нарығында шикі мұнайды және газ конденсатын сату және (немесе) тапсырған жағдайда, соның ішінде заттай түрінде пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықты, экспортқа салынатын ренталы салықты төлеу есебінен, мемлекет атынан алушыға өнімдер бөлімі бойынша Қазақстан Республикасының роялти және үлестері немесе жекеменшік өндірістік қажеттіліктерге пайдалану есебінен белгіленген мөлшерлемелерге төмендетуші 0,5 коэффициент қолданылады.

Пайдалы қазбаларды, табиғи газды өндіруге салынатын салық мөлшерлемесі 10 процентті құрайды. Ішкі нарықта табиғи газды өткізу кезінде ішкі нарықта пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық жылдық өндіру көлеміне байланысты мөлшерлемелер бойынша төленеді.

2016 жылғы ақпанда Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі шикі мұнайға арналған экспорттық кедендік баждардың прогресшіл шкаласын енгізді. Жаңа режим бойынша экспорттық кеден баждары мұнай шикізатының әлемдік нарығында қалыптасқан шикі мұнайдың орташа нарықтық бағасы, Brent мен Urals маркалы мұнайдың бағасы бойынша есептеледі. Сондай-ақ 2016 жылдың 1 наурызынан бастап тоннасына 30 АҚШ долларына дейін мазутқа ЭКБ төмендеді. Мұнай бағасының шкаласы бойынша - мұнайдың баррель 25 доллардан төмен әлемдік бағасы кезінде ЭКБ мөлшерлемесі 0-ге теңестіріледі, мұнайдың баррель 25 доллардан жоғары әлемдік бағасы кезінде ЭКБ мөлшерлемесі шкалаға сәйкес анықталады.

Экспортқа салынатын ренталы салық мұнайдың баррель 40 доллардан асып кететін әлемдік бағасы кезінде мөлшерлеме шкаласы бойынша есептеледі.

3. ТОПТЫҢ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

Операциялық нәтижелері	2018 жылғы 30.09. аяқталған 9 ай ішінде	2017 жылғы 30.09. аяқталған 9 ай ішінде	Δ, (+/-)	Δ, %
Бірлескен кәсіпорындардағы үлесі есебінен мұнай мен конденсатты өндіру (мың тонна)	17 642	17 445	197	1
Бірлескен кәсіпорындардағы үлесі есебінен газды өндіру (млн. куб. м)	6 067	5 930	138	2
Бірлескен кәсіпорындардағы МӨЗ және меншік МӨЗ мұнай өңдеу (мың тонна)	14 947	13 416	1 531	11
Магистральдық құбыржолдарымен мұнайды тасымалдау (мың тонна)	50 716	50 461	255	1
Мұнайдың жүк айналымы (млн.тонна*км)	46 959	47 084	-125	0
Мұнайды теңіз флотымен тасымалдау (мың тонна)	4 958	5 005	-47	-1
Газды магистральдық құбыржолдарымен тасымалдау (млн.м3)	83 969	74 029	9 939	13
Газды тасымалдау бойынша тауар-көліктік жұмыстардың көлемі (млрд.м3*км)	42 144	33 225	8 919	27

3.1. Мұнайды және конденсатты өндіру

Мұнайды және конденсатты өндірудің шоғырландырылған көлемі (мың тонна)	2018 жылғы 30.09. аяқталған 9 ай ішінде	2017 жылғы 30.09. аяқталған 9 ай ішінде	Δ, (+/-)	Δ, %
	17 642	17 445	197	1
Өзенмұнайгаз (100%)+KazGPZ (100%)	4 108	4 099	9	0
Ембімұнайгаз (100%)	2 144	2 117	27	1
Қазақтүрікмұнай (100%)	283	296	-13	-4
ҚазТрансГаз (Амангелді Газ) (100%)	14	15	-1	-4
Қазгермұнай (65%)	1 352	1 414	-62	-4
Маңғыстаумұнайгаз (50%)	2 386	2 374	12	1
Қаражанбасмұнай (50%)	809	801	8	1
Қазақойл-Ақтөбе (50%)	220	263	-43	-16
ПетроКазахстан Құмкөл Ресорсиз (33%)	361	390	-29	-7
Теңізшевройл (20%)	4 293	4 287	6	0
Торғай-Петролеум (16,5%)	59	70	-11	-16
Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг б.в.(10%)	827	840	-13	-2
NCOC (8.44%)	787	480	307	64

Есептік мерзім ішінде мұнай мен конденсатты өндірудің шоғырландырылған көлемі 17 642 мың тоннаны құрайды, ал бұл өткен жылдың осыған ұқсас мерзімінің көлемінен 197 мың тоннаға артық. Негізінен, 2017 жылдың тамызына дейін өндіруді шектеу кезінде өндірудің тұрақты деңгейіне арналған Қашаған жобасының шығу есебінен ілеспе газды жағуға лимиттің белгіленуімен және газды кері айдаудың/кәдеге жаратудың болмауы салдарынан болады. Аталған ұлғайту есептік мерзімде карбонатты және жарықшақты-мақта коллекторларының төменгі өткізгіштігі себебі бойынша қабат қысымын азайту және газды жағуға арналған лимит әрекетінің (2018 жылғы 27 қыркүйектен бастап лимит ұлғайтылды) себебі бойынша КОА кенорындарында өндіруді шектеу, табиғи қордың сарқылуы есебінен ҚГМ және ПКИ кенорындарында өндірудің азаюына жартылай әсер етеді.

3.2. Газ өндіру

Топ бойынша есептік мерзім ішінде газ (табиғи және ілеспелі) өндірудің шоғырландырылған көлемі - 6 067 млн. м3. 2017 жылғы осыған ұқсас мерзіммен салыстырғанда 138 млн. м3 немесе 2%-ға ұлғайды.

Газ (табиғи және ілеспелі) өндірудің шоғырландырылған көлемі, млн.м3	2018 жылғы 30.09. аяқталған 9 ай ішінде	2017 жылғы 30.09. аяқталған 9 ай ішінде	Δ, (+/-)	Δ, %
	6 067	5 930	138	2
Өзенмұнайгаз (100%)+KazGPZ (100%)	471	466	5	1
Ембімұнайгаз (100%)	164	148	15	10
Қазақтүрікмұнай (100%)	122	132	-10	-8
ҚазТрансГаз (Амангелді Газ) (100%)	261	236	25	11
Қазгермұнай (65%)	254	279	-25	-9
Маңғыстаумұнайгаз (50%)	293	280	13	5
Қазақойл-Ақтөбе (50%)	178	225	-47	-21
Қаражанбасмұнай (50%)	16	13	3	26
ПетроКазахстан Құмкөл Ресорсиз (33%)	73	82	-9	-11
Теңізшевройл (20%)	2 349	2 377	-28	-1
Торғай -Петролеум (16,5%)	6	7	-1	-14
Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг б.в. (10%)	1 422	1 407	15	1
NCOC (8.44%)	458	277	181	65

Ұлғаю, негізінен Қашаған бойынша ілеспе газды жағуға лимиттің белгіленуімен және газды кері айдаудың/кәдеге жаратудың болмауы салдарынан 2017 жылдың тамызына дейін өндіруді шектеу есебінен және КТГ бойынша, Айрақты кенорнын тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалануға 2017 жылғы қыркүйектен бастап және Амангелді кенорны бойынша жаңа ұңғымаларды енгізу есебінен болды.

3.3. Мұнайды магистральдық құбыржолдарымен тасымалдау

Қазақстандық мұнайдың құбыр жолдары бойымен негізгі қолданыстағы экспорттық маршруттары болып табылады:

- Атырау-Самара құбыржолы («ҚазТрансОйл» АҚ - 100%);
- Атасу-Алашанькоу құбыржолы («ҚазТрансОйл» АҚ - 50%);
- Каспий Құбыржолы Консорциумы құбыржолы АҚ («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ - 20,75%).

«ҚазТрансОйл» АҚ мұнайды ішкі нарыққа және экспортқа тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсетеді, сондай-ақ мұнай транзитін жүзеге асырады.

Компаниялар бөлігінде магистральдық құбыржолдарымен мұнайды тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі (мың тонна)	2018 жылғы 30.09. аяқталған 9 ай ішінде	2017 жылғы 30.09. аяқталған 9 ай ішінде	Δ, (+/-)	Δ, %
	50 716	50 461	255	1
"ҚазТрансОйл" АҚ КЦ	33 911	34 522	-611	-2
"МұнайТас" Солтүстік-батыс құбыржолы компаниясы» АҚ (51%)	1 544	1 437	107	7
"Қазақстан-Қытай құбыржолы" ЖШС (50%)	5 953	6 148	-195	-3
"Каспий құбыржолы консорциумы-К" АҚ (20.75%)	9 309	8 353	956	11
Мұнай жүк айналымының көлемі (млн.тн*км)	46 959	47 084	-125	0
"КазТрансОйл" АҚ КЦ	28 540	29 306	-766	-3
"МұнайТас" Солтүстік-батыс құбыржолы компаниясы " АҚ (51%)	610	567	43	7
"Қазақстан-Қытай құбыржолы" ЖШС (50%)	5 450	5 767	-317	-5
"Каспий құбыржолы консорциумы -К" АҚ (20.75%)	12 360	11 444	916	8

Мұнай тасымалдау көлемінің өсуі, негізінен, Қашаған кенорнынан мұнайды тапсырудың ұлғаюына байланысты. «ҚазТрансОйл» АҚ құбыржолы бойымен мұнайды тасымалдау көлемінің азаюы КТК жүйесінде Қашаған мұнайын қайта бөлумен байланысты. «Қазақстан-Қытай құбыржолы» құбыржолы бойымен мұнайды тасымалдау көлемінің азаюы «СЗТК «МұнайТас» ЖШС мұнай құбыржолы жүйесіндегі Ақтөбе кенорындарынан мұнайды қайта бөлумен байланысты.

3.4. Мұнайды теңіз флотымен тасымалдау

Мұнайды теңіз флотымен тасымалдаудың негізгі қолданыстағы маршруттары:

- Каспий теңізі акваториясындағы маршруттар.
- Қара теңіз және Жерорта теңізі акваториясындағы маршруттар.

Бағыттар бөлігінде мұнайды тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі (мың тонна)	2018 жылғы	2017 жылғы	Δ, (+/-)	Δ, %
	30.09. аяқталған 9 ай ішінде	30.09. аяқталған 9 ай ішінде		
	4 958	5 005	-47	-1
Ақтау-Баку		228	-228	-
Ақтау-Махачкала	1 443	378	1 065	282
Қара теңіз	1 287	2 223	-936	-42
Жерорта теңізі	1 365	1 105	260	24
Түркменбаши-Баку		130	-130	-
Махачкала-Баку	863	941	-78	-8

47 мың тоннаға азайту келесілерге:

- Петромидияда қайта өңдеу жөніндегі зауытта ҚМГ ресурстарынан мұнайды жеткізу көлемдерінің азаюы себебі бойынша «Қара теңіз» бағыты бойынша азайтумен;
- өткен жылғы жүзеге асыру кезінде есептік мерзімде «Ақтау-Баку», «Түркменбаши-Баку» бағыттары бойынша тасымалдаудың болмауымен;
- Каспий өңірінде мұнайды тасымалдауға арналған кепілдендірілген келісімшарттардың болмауының себебінен бербоут-чартерге бес каспийлік танкерді тапсырумен байланысты ағымдағы жылғы тамыз айынан бастап «Махачкала-Баку» бағыты бойынша тасымалдаудың тоқтатылуымен байланысты.

3.5. Газ тасымалдау

Газ тасымалдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: халықаралық газ транзиті, газды экспортқа тасымалдау және газды ішкі тұтынушылар үшін тасымалдау.

Газ тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі (млн.куб.м)	2018 жылғы	2017 жылғы	Δ, (+/-)	Δ, %
	30.09. аяқталған 9 ай ішінде	30.09. аяқталған 9 ай ішінде		
	83 969	74 029	9 939	13
Халықаралық транзит	52 649	50 267	2 382	5
Газды экспортқа тасымалдау	19 257	11 997	7 260	61
Газды ішкі тұтынушылар үшін тасымалдау	12 063	11 765	298	3
Газ тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі (млн.куб.м)	83 969	74 029	9 939	13
"Интергаз Орталық Азия" АҚ	60 749	56 374	4 375	8
"ГазТрансГаз-Аймақ" АҚ	1 939	1 825	114	6
"Азия газ құбыры" ЖШС (50%)	18 442	14 688	3 754	26
"Бейнеу – Шымкент газ құбыры" ЖШС (50%)	2 838	1 142	1 696	148

Газ тасымалдаудың жалпы көлемі 9 939 млн.куб.м-ге ұлғаюуы келесілер:

- ҚМГ Қашаған бойынша газды өндіруді ұлғайту;
- «Газпром» ПАО тарапынан газ ағынын ұлғайту;
- Орта Азия газын жеткізу көлемін ұлғайту;
- ҚР барлық өңірінде тұтынуды ұлғайту есебінен болады.
- ҚХР-ға тасымалдау, алдыңғы кезеңде аталған бағыт болмады.

3.6. Көмірсутегі шикізатты өңдеу

- Павлодар мұнай-химия зауыты ЖШС («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қатысу үлесі 100 %): өңдеудің теңгерімдік қуаты жылына 5,25 млн. тоннаны құрайды, есептік мерзімде өңдеу тереңдігі 79,37%-ды құрайды;
- Атырау мұнай өңдеу зауыты ЖШС («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қатысу үлесі 99,49%): өңдеудің жобалық қуаты жылына 5,0 млн. тоннаны құрайды, есептік мерзімде өңдеу тереңдігі 69,4 %-ды құрайды;
- Шымкент мұнай өңдеу зауыты («Петро Казахстан Ойл Продактс», «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қатысу үлесі 49,73 %): жобалық қуаты – жылына 5,25 млн. тонна, есептік мерзімде өңдеу тереңдігі 74%-ды құрайды;
- CaspiBitum- («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қатысу үлесі 50 %): ауыр Қаражанбас мұнайынан алынған жол битумдарын өндіру жөніндегі зауыт. Өңдеу бойынша жобалық қуаты жылына 1,0 млн. тоннаны құрайды.
- KMG International N.V. (Rompetro Rafinare) екі «Petromidia» және «Vega» МӨЗ және Petrochemicals (НХК) мұнай-химия кешені кіреді:
- «Petromidia» МӨЗ - (Rompetro Rafinare S.A. қатысу үлесі 100 %) жобалық қуаты – жылына 5,0 млн. тонна мұнай . Мұнай-химия кешені «Petromidia» МӨЗ-мен біріктірілген;
